

Жапонияда түркітану мектебінің қалыптасуы: кезеңдері және жалпы сипаттамасы¹

С. Сыздықов

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан республикасы

ORCID: 0009-0007-7887-6060

(E-mail: satae14@mail.ru)

ARTICLE INFO

Keywords:

Жапониядағы
түркология,
түркітану
ғылымының
қалыптасуы
үш кезеңі, түркі
халықтарының
тарихы, Түрік
қағанаты,
шығыстану,
көшпелілер
өркеніеті,
Мори Масао,
Найто Мидори,
Орталық Азия.

FTAMP 10.09.91

DOI: <https://doi.org/10.32523/2664-5157-2026-3-51-64>

АННОТАЦИЯ

Мақалада Жапониядағы түркітану ғылымының қалыптасуы, кезеңдері және даму ерекшеліктері қарастырылған. XIX ғасырдың аяғына қарай Жапонияда түркітану ғылымының қалыптасуының алғышарттары экономикалық, саяси және әлеуметтік-мәдени қажеттіліктерге байланысты болғандығы айтылған. Жапонияда түркітану ғылымының қалыптасуы үш кезеңнен тұратыны тұжырымдалған. Бірінші кезең – XX ғасырдың алғашқы онжылдығынан басталып, екінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі уақытты қамтитындығы көрсетілген. Бұл кезеңдегі жапон түркітанушылары еңбектерін негізінен қытай деректеріне сүйеніп жазғандығымен ерекшеленеді. Екінші кезеңде, яғни 1940-1970 жылдар аралығында түркітанушылардың жаңа буыны қалыптасқандығы және олардың түркі халықтарының тілі, мәдениеті, тарихы туралы жаңадан зерттеулер жүргізгендігі көрсетілген. Үшінші кезең XX ғасырдың 70-ші жылдарынан басталып, бүгінгі күнге дейін созылады. Бұл кезеңде зерттеушілер қатарына жаңа ғалымдар қосылып, нәтижесінде сан жағынан да, сапа жағынан да түркітану ғылымы айтарлықтай жоғары дәрежеге көтерілді. Зерттеу барысында соңғы кезеңдегі түркітанушылар көне ұйғыр және шағатай тілдерін терең меңгеруге ден қойды. Олар көне және қазіргі түркі тілдерін меңгеріп, сонымен қатар түркі халықтарының тарихын, мәдениетін, тұрмыс-тіршілігін зерделеу және зерттеу жұмыстарын жүргізумен айналысты. Жапонияда түркітану ғылымының дамуына Токио, Киото және Хоккайдо университеттері зор ықпал етіп, мол тәжірбие жинақтаған. КСРО тарағаннан кейін мұрағаттардағы құжаттарды пайдалануға мүмкіндіктің болуы Жапониядағы түркітану ғылымының дамуына кеңінен жол ашты.

¹ Мақала «Қазақстан тарихы мен географиясы бойынша жаңа дереккөздер: талдау, аударма және ғылыми айналымға енгізу» тақырыбындағы бағдарламалық мақсатты қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (Жеке тіркеу нөмірі: BR 287137777).

Кейінгі жылдары ортағасырлық және Алтын Орда дәуіріндегі түркілердің тарихына байланысты қызығушылық артты. Жапон зерттеушілеріне тән бір ерекшелік, олар көшпелілігі басым түркілердің саяси бірлестіктерінің тарихын эволюциялық көзқараста қарастыратындығында. Бұл тұрғыдан Мори Масао, Ямада Нобуо, Хаяши Тосио зерттеулері Шыңғыс хан шапқыншылығына дейінгі кезеңдегі көшпелі ру-тайпалардың эволюциялық даму нәтижесінде ру-тайпалық саяси конфедерацияларға өтуіне баса назар аударады. Мақалада Түрік қағанатының тарихына арналған іргелі еңбектер, атап айтқанда, Мори Масаоның «Ежелгі түріктердің тарихы бойынша зерттеулер» атты екі томдық монографиясы мен Найто Мидоридің «Батыс түріктерінің тарихы» атты зерттеуі жан-жақты қарастырылған. Тұтастай алғанда, Мори Масао, Ямада Нобуо, Хаяши Тосио, Маэда Масан сияқты жапон түркітанушыларының еңбектері түркі халықтарының тарихы мен мәдениетін толық қамтуымен ерекшеленеді. Біздің пікір бойынша, бүгінгі таңда жапон тарихнамасының әлемдік түркітану ғылымының дамуына қосып жатқан үлесі мен маңызы арта түсуде.

S. Syzdykov

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan

ORCID: 0009-0007-7887-6060

(E-mail: satay14@mail.ru)

The formation of the school of Turkology in Japan: stages and general characteristics

Abstract. This article examines the formation and development of Turkological scholarship in Japan. It argues that economic, political, and sociocultural factors played a significant role in the emergence of Turkology in Japan by the end of the nineteenth century. The development of Japanese Turkology can be divided into three main stages. The first stage began in the first decade of the twentieth century and continued until the outbreak of the Second World War. During this period, the work of Japanese Turkologists was based primarily on Chinese sources. The second stage, spanning the 1940s to the 1970s, witnessed the emergence of a new generation of Turkologists who undertook pioneering research into the languages, cultures, and histories of the Turkic peoples. The third stage began in the 1970s and continues to the present day. During this period, the number of scholars working in the field increased substantially, contributing to significant advances in both the scope and quality of Turkological research in Japan. Japanese Turkologists of the contemporary period have made important contributions to the in-depth study of Old Uyghur and Chagatai. They have acquired expertise in both ancient and modern Turkic languages and have conducted

Received 17 June 2026. Revised 20 July 2026. Accepted 28 August 2026. Available online 30 September 2026.



Дәйексөз үшін: С. Сыздыков Жапонияда түркітану мектебінің қалыптасуы: кезеңдері және жалпы сипаттамасы // *Turkic Studies Journal*. 2026. Т. 8. № 3. 51-64 б. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2026-3-51-64>

For citation: S. Syzdykov The formation of the school of Turkology in Japan: stages and general characteristics // *Turkic Studies Journal*. 2026. V. 8. № 3. P. 51-64. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2026-3-51-64>

extensive research into the history, culture, and lifeways of the Turkic peoples, reflecting a distinctive characteristic of Japanese Turkological scholarship. The universities of Tokyo, Kyoto, and Hokkaido played a particularly important role in the development of Turkic studies in Japan, accumulating substantial scholarly expertise and institutional experience. The collapse of the Soviet Union facilitated access to previously restricted archival materials, thereby opening new opportunities for the development of Turkic studies in Japan. In recent decades, Japanese scholars have shown growing interest in the history of the medieval Turkic peoples and the Golden Horde period. Their research is characterized by an evolutionary approach to political consolidation, particularly among nomadic Turkic groups. Mori Masao, Yamada Nobuo, and Hayashi Toshio, for example, examined the transformation of nomadic clans and tribes into political confederations during the pre-Mongol period. Several major studies have also been devoted to the Turkic Khaganate, including Mori Masao's two-volume monograph *Studies on the History of the Ancient Turks*. Naito Midori's *History of the Western Turks* likewise represents a significant contribution to the field. Overall, the works of Japanese scholars such as Mori, Yamada, Hayashi, Maeda, and Naito have contributed substantially to the study of the history and culture of the Turkic peoples. The contribution of Japanese Turkologists to the international development of Turkic studies continues to expand.

Keywords: Turkology in Japan, 3 stages of development, history of Turkic peoples, Turkic Khaganate, Oriental studies, nomadic civilizations, Mori Masao, Naito Midori, Central Asia.

С. Сыздыков

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,

Астана, Республика Казахстан

ORCID: 0009-0007-7887-6060

(E-mail: satay14@mail.ru)

Становление школы тюркологии в Японии: этапы и общая характеристика

Аннотация. В статье рассматриваются предпосылки, этапы и особенности развития тюркологической науки в Японии. Утверждается, что к концу XIX века её становление было обусловлено экономическими, политическими и социокультурными факторами. Сделан вывод, что история японской тюркологии включает три основных этапа. Первый этап охватывает период с начала XX века до начала Второй мировой войны. Характерной чертой трудов японских тюркологов этого времени является их опора преимущественно на китайские источники. Второй этап (1940–1970 гг.) ознаменован формированием нового поколения исследователей, перешедших к комплексному изучению языка, культуры и истории тюркских народов. Третий этап, начавшийся в 1970-х годах и продолжающийся по настоящее время, характеризуется притоком молодых ученых, что обеспечило качественный и количественный рост японской тюркологии, а также вывело её на более высокий научно-теоретический уровень. Тюркологи современного периода внесли значительный вклад в углубленное изучение древнеуйгурского и чагатайского языков. Характерной чертой японской исследовательской школы стало комплексное освоение древних и современных тюркских языков, а также всесторонний анализ

истории, культуры и быта тюркских народов. Ведущую роль в становлении японской тюркологии сыграли Токийский, Киотский и Хоккайдский университеты, накопившие богатый исследовательский опыт. Отмечается, что распад СССР и открытие доступа к советским архивным документам открыли широкие перспективы для развития этой науки. В последние годы в Японии существенно возрос интерес к истории средневековых тюрков и эпохе Золотой Орды. Отличительным методологическим подходом японских исследователей является рассмотрение истории политических объединений преимущественно кочевых тюркских народов с эволюционной точки зрения. Исследования Мори Масао, Ямады Нобуо и Хаяши Тосио посвящены эволюционному переходу кочевых родов и племен к политическим конфедерациям в домонгольский период. Изучению Тюркского каганата посвящен ряд фундаментальных трудов. В данном контексте особого внимания заслуживает двухтомная монография Мори Масао «Исследования по истории древних тюрков». Значимым вкладом также является исследование Найто Мидори «История западных тюрков». В целом труды таких японских ученых, как Мори Масао, Ямада Нобуо, Хаяши Тосио, Маэда Масан и Найто Мидори, обеспечили всестороннее освещение истории и культуры тюркских народов. В настоящее время международное значение японской тюркологической школы неуклонно возрастает.

Ключевые слова: тюркология в Японии, 3 этапа развития, история тюркских народов, Тюркский каганат, востоковедение, кочевые цивилизации, Мори Масао, Найто Мидори, Центральная Азия.

Кіріспе

Мақала Жапониядағы түркітану ғылымының қалыптасуы, даму кезеңдері мен ерекшеліктерін талдап көрсетуге арналған. Түркітану ғылымының Жапонияда ХІХ ғасырдың аяғына қарай қалыптасуының алғышарттары экономикалық, саяси және әлеуметтік-мәдени қажеттіліктерге байланысты болғандығы дәлелденеді. Аталған ғылымның Күншығыс елінде дамуының үш кезеңі анықталып, олардың жекелеген сипаттамалары мен ерекшеліктері көрсетілген. Түркітанудың дамуында Жапонияның белгілі университеттерінің рөлі аталған. Кейінгі жылдары ортағасырлық және Алтын Орда дәуіріндегі түркілердің тарихына байланысты жапон зерттеушілерінің қызығушылығы артқаны анықталады. Аталған елдің ғалымдарына тән бір ерекшелік – олар көшпелілігі басым түркілердің саяси бірлестіктерінің тарихын эволюциялық көзқараста қарастыратындығы сөз етіледі. Сонымен қатар қазіргі кезеңде әлемдік түркітану ғылымының дамуында жапон тарихнамашыларының үлесі арта түскендігі айтылады.

Материалдар және зерттеу әдістері

Жапониядағы түркітану ғылымы қалыптасуының алғышарттарын анықтауда Қытай Халық Республикасындағы белгілі шығыстанушы, тарих ғылымдарының докторы Фан Цзяньцяньның «Сиюй яньцзю» / 《西域研究》) журналында басылған «Жапонияның Шыңжаңға араласуы» атты мақаласы (Фан Цзяньцянь, 2000: 45-56), Нью Джерсийдің

«Жапон өркениетіне қатысты зерттеулер» атты еңбегі (Ню Джуций, 1997), Гэн Шиминнің Бейжіңдегі «Орталық Ұлттар университетінің баспасынан шыққан «Ежелгі ұйғыр жәдігерлеріндегі әлеуметтік-экономикалық жазбалар» атты еңбегі пайдаланылды (Гэн Шимин, 2006).

Сонымен қатар Жапониядағы түркітану ғылымының қалыптасу кезеңдері мен олардың ерекшеліктерін анықтауда сол кезеңдерде ғылыми жұмыстар жүргізген ғалымдардың еңбектеріндегі түркілер туралы қойылған мәселелерге талдау жасалынды.

Жапон тарихшыларының ортағасырлық түркілер мемлекеттілігінің қалыптасуы және оның эволюциясы мәселелеріне арнаған зерттеулерінің нәтижелері С. Исао, Ш. Нориюки және Т. Хаяшидің еңбектері арқылы көрсетілді. Түркілердің билік басындағы ашина және ашиде тайпалары, қоғамдағы әлеуметтік топтар және түркілердің дүниетанымы туралы зерттеулердің тұжырымдары Т. Мори, М. Масана еңбектерін талқылау барысында айшықталды. Сонымен қатар Найто Мидоридің зерттеулерінің нәтижелері болып табылатын көлемді еңбегі Батыс Түрік қағанаты туралы деректік материалдарды пайдалануға мүмкіндік берді (Мидори, 1987).

Мақала жазуда басты зерттеу әдісі – салыстырмалы тарихи әдіс кеңінен пайдаланылды. Бұл әдіс арқылы ортағасырлық түркілер қоғамындағы құбылыстарды тарихи кезеңдерге сәйкес салыстыру және олардың себеп-салдарын анықтау жапон тарихнамасында орын алды. Осы әдісті пайдалануға байланысты түркілер қоғамындағы жалпы заңдылықтарды айқындауға, қоғамдағы өзгерістер мен даму үдерістерін анықтауға жапон түркітанушылары мүмкіндік алғанын айтуға болады.

Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдарда қолданылатын маңызды тәсілдердің бірі – типологиялық әдіс арқылы жапон тарихнамасындағы ұқсас құбылыстар мен процестер тобын анықтауға, олардың жиынтығының маңызды белгілерін ескере отырып тарихи шындықтың логикалық моделін айқындау мүмкін болды.

Жалпы, тарихнаманың танымдық мүмкіндіктерін тарихи факт ашатындықтан, тарихи факт мәселесі бұл мақалада маңызды орын алды. Жапониядағы түркітану ғылымының қалыптасу және даму ерекшеліктерін айқындау барысында тарихи фактілердің мағынасына түсініктеме беру арқылы олардың тарихнамада қандай орын алатыны айқындалды.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Жапондық түркітану ғылымының дамуы туралы кеңес тарихнамасы қарама-қайшылықты сипатта сөз етті. Бір жағынан, күншығыс зерттеушілерінің жағымды жақтарын айта келіп, екінші жағынан олардың көзқарастарында саяси мүдделер басым рөл атқаратынына дәлелдер келтіруге тырысты. Мысалы, 1992 жылғы 9-13 маусымда Қазан қаласында өткен VI Түркітану конференциясында келесі концептуалды аспектілер атап көрсетілді: императорлық мүдделер (1945 жылға дейін), соғысқа дейінгі және соғыстан кейінгі Жапонияда түркі, моңғол және тұңғыс-маньчжур халықтарын зерттеу Азиядағы экспансионистік саясатпен әсіресе марионеттік мемлекеттер құру мақсатымен тығыз байланысты екені атап өтілді (Алпатов, Долин, 1996: 15).

Кеңестік тарихнама ежелгі жапондық Ямато мемлекетін Алтай (түркі немесе моңғол) тектес көшпелі отырықшылар құрды деген жапон тұжырымдамаларына (мысалы, Эгами

Намио гипотезасы) қарсы пікірталас жүргізді. Тұтастай алғанда, кеңес ғалымдары Ежелгі Түрік қағанаты туралы қытай және моңғол жылнамаларын зерттеген жапондық әріптестерінің дереккөздерін жоғары бағалады, бірақ олардың геосаяси тұрғыдағы түсіндірмелерін жоққа шығарды.

Кеңес филологтары алтайтану ғылымының негізін қалаған жапон ғалымдарының (мысалы, Хаттори Широ) еңбегіне құрметпен қарады. Сонымен бірге, кеңестік академиялық қоғамдастық жапондардың ықтимал генетикалық немесе құрылымдық туыстық туралы теорияларын сынға алды. Сондай-ақ, кеңес ғалымдары көне түркі руникалық мәтіндері мен Түрік қағанатын зерттеуге елеулі үлес қосқан жапон шығыстанушыларының (мысалы, Тору Ханеда) еңбектеріне құрметпен қарап, олардың зерттеулерін пайдаланды.

Жапон түркітанушыларының еңбектеріндегі түркілердің кейбір мәселелері туралы Шетел және еуропалық ғалымдары да зерделеп, өздерінің көзқарастарын білдірді. Мажар ғалымы Х. Эчеде Т. Хаяшидің Ұйғыр қағанатының экономикалық-шаруашылық дамуы туралы, ал италиялық А. Бомбачи түркілердің дүниетанымдық мәселесі жөніндегі М. Масаоның көзқарастарына сын-пікірлерін жария еткені мәлім.

Алайда ортағасырлық түркілер туралы жапон тарихнамасының кейбір мәселелері болмаса, арнайы толыққанды зерттеулердің жоқ екендігін айту керек.

Талдау

Жапониядағы түркітану ғылымының басталуы ХІХ ғасырдың аяғына жатады. Экономикалық, саяси және әлеуметтік-мәдени қажеттіліктерге байланысты мемлекеттік комиссиялар, қоғамдық және буддистік діни ұйымдар тарапынан Орталық Азия мен Шыңжаң аймақтарына жапон ғалымдары қатынасқан ғылыми экспедициялар ұйымдастыру жұмыстары жүргізіле бастады. Жапониядан Орталық Азия мен Шыңжаңға алғаш барған – Ресейдегі Жапония елшілігінде хатшы болған Ниши Такудзиро болды. Ол 1880–1981 жылдары Шыңжаңның Іле аймағына, Сібір, Моңғолия елдерін аралап, көрген-білгендерін 1886 жылы «Орталық Азия мен Кіші Азияның естеліктері» деген кітабында жария етеді (Fang Jiangsang, 2000).

Шыңжаң өлкесіндегі саяси жағдайларға байланысты орыс әскери күштерін анықтау мақсатында жапон үкіметі бірнеше рет өкілдерін жібереді. Солардың бірі Хатано Иясуки 1905-1906 жылдары Шыңжаң аймағын аралады. Кейін оның «Шыңжаң әсерлері» кітабын Жапонияның Сыртқы істер министрлігі баспадан шығарды. Сонымен қатар Хаяшиде Кендзиро 1906-1907 жылдары Шыңжаңда болып, 1908 жылы «Қытайдың Шыңжаң өлкесіне саяхат» атты мақаласы Жапонияда жарық көрген «География» журналының 229, 230 сандарында басылып шықты. 1909 жылы Токиода Цutomудың «Ілеге саяхат» атты шығармасы жарияланды. Жалпы бұл аталған еңбектердің көбісі жапон үкіметінің саяси мақсаттарын жүзеге асыруға байланысты жарыққа шыққан еді.

Түркітану ғылымының Жапонияда жүйелі және ұйымдасқан түрде осы уақытқа дейін дамуын үш кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезең – ХХ ғасырдың алғашқы онжылдығынан басталып, екінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі кезеңді қамтиды. Бұл уақыт аралығында Ширатори Куракичи, Ишихама Джунтаро, Оногава Хидеми, Ханеда Тору, Исида Микиносукэ сияқты түркітанушылардың есімдері белгілі. Бұл кезеңдегі

түркітанушылардың еңбектері негізінен қытай деректеріне сүйеніп жазылғандығын айтуға болады. Солардың ішіндегі қытай тілінен басқа, көне ұйғыр түркілерінің де деректерін пайдалана білгендігі Ханеда Торудың аталған кезеңдегі ерекше түркітанушы болғандығын айшықтайды.

Екінші кезеңде (1940-1970 жж.) түркітанушылардың жаңа буыны қосылды. Бұл жаңа ұрпақтың негізгі өкілдерінің қатарында Мацуда Хисау (1903-1982), Эгами Намио (1906-2002), Эноки Кадзуо (1913-1989), Учида Инпу (1907-2003), Ханеда Акира (1910-1987), Морчи-Тору (1910-1987), Ямада Нобуо (1920-1987) және Фудзеда Акира (1911-1998) болды. Олар алғашқы буынның зерттеулерін тереңдетіп қана қоймай, түркі халықтарының тілі, мәдениеті, тарихы туралы жаңа зерттеулер жүргізді.

Үшінші кезең 1970-ші жылдардан басталады. Осы кезең ішінде бүгінгі күнге дейін түркітану саласына жаңа ғалымдар көптеп қосылып, соның нәтижесінде жапон түркітану ғылымы сан жағынан да, сапа жағынан да айтарлықтай дамыды. Бұлардың қатарында Нагасава Казуточи (1928-2019), Икеда Он, Мано Эйджи, Умемура Хироши, Мориясу бар.

Такао, Хори Сунао, Харикаева Тору, Шогайто Масахиро, Кударо Кожи, Ода Жутен, Хамада Масами, Очиай Морикаджу, Такеучи Казуо секілді түркітанушыларды қамтитын бұл үлкен буынның бір ерекшелігі – қытай тілінен басқа көне және қазіргі түркі тілдерін білуі. Олар әсіресе көне ұйғыр және шағатай тілдерін терең меңгерген. Сонымен қатар түркі халықтарының тарихын, мәдениетін, тұрмыс-тіршілігін зерделеу және зерттеу жұмыстарын белсене жүргізді.

Жапон түркітану ғылымының дамуында ғылыми экспедициялардың да рөлі маңызды болды. Отани Козуи (1876-1948) бастаған ғылыми экспедиция Шыңжаң өлкесінен Жапонияға көптеген археологиялық артефактілермен және қолжазбалармен оралды. Бұл зерттеу тобы Шыңжаңға үш рет сапар ұйымдастырған: біріншісі 1902-1904 жж., екіншісі 1908-1909 жж, үшіншісі 1910-1914 жж. (Geng Şimin, 2006). Зерттеу тобының Жапонияға әкелген көне ұйғыр қолжазбаларының көпшілігі – ұйғыр будда мәтіндері, көне келісім-шарттар мен келісімдер және ескі ұйғыр манихейлік түсініктемелері болды. Бұл құнды материалдар бүгінгі күнге дейін жапон жастарын түрік тілін үйрену мен түркітануға баулып келеді. Отани Козуи басқарған осы экспедициялардан кейін жапон ғалымдары сол кездегі ғылыми теориялар мен әдістердің бір-бірін толықтырушы бөлігі болып саналатын туған жерді зерттеуге мән бере бастады. Алайда түркітану, түрік тілі, түрік әдебиеті деген ұғымдар ол кезде жапондық ғылыми ортада әлі айналымда болған жоқ.

Түркітану ғылымы бойынша маман кадрлар дайындауда Жапониядағы университеттердің рөлі зор болды. Токио университеті түркітану бағыты бойынша ғалымдар даярлауда мол тәжірибе жинақтады. Түрлі уақытта бұл университетте Ширатори Курачики (1865-1942), Иноки Кадзуо (1913-1989), Мори Масао (1921-1966) сияқты атақты түркітанушылар қызмет етті. Қазір мұнда Түркістан тарихы саласындағы білікті ғалым – Хисау Моматсу (1951 ж. туған) жұмыс істейді. Жапон түркітануындағы тағы бір жетекші оқу орны – Киото университеті. Бұл оқу орнында атақты түркітанушы Ханеда Тору (1882-1955) қызмет еткен. Бүгінде Темір әулеті тарихын зерттейтін Мано Эйджи (1939 ж. туған) сонда жұмыс істейді. Университеттің Шығыстану кафедрасы Орталық Азия тарихы бойынша зерттеулерімен әлемге танымал. Университет құрамындағы

Тойо Бунко (Шығыс кітапханасы) іргетасы 1917 жылы қаланды. Кітапханада түркітану бойынша көптеген кітаптар бар. Кітапханада тұрақты ғылыми сарапшылар жоқ, бірақ түркітанушы ғалымдар осында келіп, өз зерттеулерін оңай жүргізе алады. 1955 жылы Хоккайдо университетінде КСРО тарихын зерттеуге арналған ғылыми орталық ашылды. Бұл орталық 1990 жылдан бастап Орталық Азияға қатысты тарих, экономика, саясат, этнография, тіл, әдебиет сияқты барлық салалар бойынша зерттеулер жүргізіп келеді (Nyu Jutziy, 1997: №1).

Жапонияда Орталық Азия халықтарының тілін, жазуын, тарихын және мәдениетін Микиносукэ (1891-1974) зерттеген, Ишихама Джунтаро (1888-1968), Оногава Хидеми (1909-1980), Микиносукэ (1891-1974). Бұлардан кейін Осада Нацуки (1890-2010), Сагути Тору (1916-1981) сияқты ғалымдар шықты.

Жапон тарихшылары ортағасырлық түркілердің тарихына дәстүрлі тұрғыда үнемі қызығушылық танытқан. Әсіресе бұл бағыт КСРО-ның таралуына байланысты қарқынды дамып келеді. Өйткені КСРО тарағаннан кейін мұрағаттардағы құжаттарды пайдалануға кеңінен жол ашылған еді. Соңғы жылдары ортағасырлық және Алтын Орда дәуіріндегі түркілердің тарихына байланысты қызығушылық арта түсті.

Жапон тарихшыларының тағы бір ерекшелігі – түркілер тарихындағы кез-келген тақырыпқа қатысты мәселелерді кеңінен қамтуымен көзге түседі. XX ғасырдың 60-шы жылдары жапон түркітанушысы Мори Масао Түрік қағанатының тарихы бойынша көлемді еңбектер жазды. 1967 жылы Токиода оның «Кодай торуко минзоку ши кенкю» («Ежелгі түріктердің тарихы бойынша зерттеулер») атты монографиясы басылып шықты (Мори, 1967). 1971 жылы бұл зерттеудің екінші томы жарық көрді (Мори, 1971). Бірінші томның негізгі нәтижелері 1970 жылы тамызда Мәскеуде өткен XIII Халықаралық тарих ғылымдарының конгресінде айтылған болатын (Мори, 1970: 3-6). Бірінші томда түркі тарихының бірқатар маңызды мәселелері қарастырылады. Олардың ішінде мыналарды атап өткен жөн: Шығыс және Батыс Түрік қағанатының саяси-әлеуметтік құрылымы (Мори, 1967: 3-60, 94-160), Түркі мемлекетіндегі соғдылар көне түркі жазба ескерткіштері туралы түсіндірмелер (Мори, 1967: 439-556), Сеянтэ (сюэяньто) мен түркілер арасындағы қарым-қатынастар (Мори, 1967: 161-224) және т.б. М. Моридің екінші томына енген зерттеулерінде қарастырылған. Оларға түркі тайпалары арасындағы «патшалардың құдайлық құқығы теориясы» туралы ескертпелер, түрік қағандарының «тәуелсіз билігі туралы түсінік» (Мори, 1967: 256-290), титулатураға (қаған, шад, елтебер, еркін) байланысты мәселелер (Мори, 1967: 32-42) жатады. Осы орайда жапон тарихшыларының Ашидэ Юаньчжэнь мен Тонькөк, Бёгюй Бөгү қаған мен Бо Цзюйи сияқты тарихи тұлғаларды анықтауға арналған зерттеулердің маңызы зор (Мори, 1967: 58-86).

Жапон түркітанушылары түркілердің билік басындағы тайпалары туралы зерттеулер жүргізді. Мысалы, М. Мори ашина және ашиде тайпалары туралы айта отырып, олардың арасындағы одақ ашина тайпасының еркек тегі арқылы берілетін жоғарғы билік тұтастығының өзіндік кепілі ретінде әрекет еткенін атап өтті. М. Моридің пікірінше, түркі қағандарының билігі прототүркі және протомоңғол тайпаларының ерте дәуірінде ашинаның жоғарғы билігімен генетикалық байланыста болған (Мори, 1971: 79-101). Түркі қағандарының билігі туралы түсінік оның құдайлық құқығы, оған құт (патша харизмасын) беретін Тәңір және Ыдук Йер-Субтың жоғарғы құдайларымен байланысты

идеяларынан туындайды. Автор Орхон жазбаларына сүйене отырып, қағандардың батырлық, батылдық, жаугершілік («alp») және даналық («bilgä») сияқты қасиеттерімен сипатталғанын көрсетеді.

М. Мори өзінің зерттеулерінде ежелгі түркі қоғамындағы әлеуметтік топтарға да сипаттама береді. Олар: шаруа қожалықтарына басшылық ететін бектер, мал бағушылар және құлдар. Түркі мемлекетінің билеушілері қатарында қаған және шенеуніктердің иерархиясы болды. Түркі қағанаты құрамында рулар мен тайпалардан тұратын бірлестіктер тұрды (Мори, 1971). Дереккөздердегі әртүрлі иеліктер мен көптеген титулдық атаулар арқылы М. Мори Түркі қағанатының әлеуметтік құрылымындағы феодалдық қатынастарды талдап көрсетеді. Сонымен қатар ол құлдық қанаудың тек тұрмыстық сипатта екенін және жалпы түркі қоғамы көшпелілердің тәуелсіз және еркін топтарынан тұрғанын дәлелдейді. Моридің титулатура мен әлеуметтік ұйымды зерттеу тұрғысынан зерттеу жұмысын Мураяма Ситиро жоғары бағалаған (Мори, 1971: 138, 147). Алайда, Маеда Масана М. Моридің түркі қоғамының деңгейін асыра бағалағанын және ол өзі олардың кәдімгі эфемерлі тайпалық одаққа жататынын айтады (Masana, 1968: 93–96).

Жапон зерттеушілері түркілер дүниетанымындағы «тәңіршілдік», «құт» мәселелеріне де арнайы ғылыми талдаулар жасады. Бұл тақырыпта Еуропа түркітанушылары да зерттеулер жасағаны мәлім. Осы орайда италиялық түркітанушы А. Бомбачидің зерттеулерін ерекше атап өткен жөн. Ол толығымен «qut» сөзін зерттеуге арналған екі бөлімнен тұратын көлемді мақаласын жариялаған болатын (Bombaci, 1965; 1966). А. Бомбачидің пікірінше, көне түркі руникалық жазба ескерткіштеріндегі «құт» әрқашан билеушімен тікелей байланысты (Bombaci, 1965: 288). Осы негізде ол өз дәлелдерін растау үшін кең ауқымды лингвистикалық, этнографиялық және салыстырмалы-тарихи материалдарға сүйене отырып, олардағы сөзді «патша бақыты» деп түсіндіру керек деген қорытындыға келді. Зерттеуші, атап айтқанда, Иран патшаларына қатысты «өмірлік күшті» немесе «сәттілікті» білдіретін иран сөзі «havrnah» (фарн/хварна) сияқты ықтимал ұқсастықтарды зерттеуге көп көңіл бөлді (Bombaci, 1965: 35–38). Кейіннен жапондық зерттеуші Мори Масано бұл тәсілге қарсылық білдіретін арнайы мақала жариялады. А. Бомбачи және онымен келіскен зерттеушілердің пікірінен М. Моридің көзқарасының айырмашылығы, ол көне түркі руникалық ескерткіштерінің контекстеріне сүйене отырып, «құт» сөзін «патша бақыты», «байлығы», «ұлы мәртебе» т.б деп түсіндірудің қисынсыздығын дәлелдеген. Жапон ғалымының пікірінше, тек қаған ғана емес, бүкіл «түркі халқы» бұл мәтіндерге сәйкес, оған белгілі бір қасиеттерді беретін Аспанның рақымына ие болады (Мори, 1971: 47–50) немесе адамдарда белгілі бір қасиеттердің болуын ескере отырып, оның жетістіктерін анықтайды (Мори, 1971: 50–58). М. Мори дәлелдеуінің кілті «qut ulug» тіркесімін «Аспан-Құдай» таратқан «құт» ретінде түсіндіру болып табылады (Мори, 1971: 69, 71). Жапон зерттеушісі «qut» - ты «харизма» деп түсіндірілуімен келіседі, бірақ құт жоғарыдан кез-келген адамға берілуі мүмкін екенін атап өтті, сондықтан ол бұл сөзді «Аспанның құдай адамдарға, әсіресе әміршілерге берілетін (таралатын немесе жіберілетін) харизма» деп түсіндіруді ұсынады (Мори, 1971: 72, 74).

Бірқатар жапон зерттеушісі көшпелілер саяси бірлестіктерінің тарихын эволюциялық көзқараста қарастырады (Okamoto, 1960: 478–479), мұнда түріктерге қарағанда ұйғыр-

лардың қоғамы күрделі болып көрінеді. Шыңғыс хан шапқыншылығына дейінгі кезеңдегі көшпелі саяси бірлестіктер тайпалық конфедерациялар ретінде пайда болған (Мори Масао, Ямада Нобуо, Хаяши Тосио).

Жапон тарихшылары ортағасырлық түркілердің мемлекеттілігінің қалыптасуына арнап зерттеулер жүргізген. Шираиси Нориюки антрополог Э. Сервистің эволюциялық негізін толықтырған К. Кристиансеннің ізімен «Орталық Азия және Еуразиялық зерттеулер» журналына жіберген мақаласында түріктердің сюннулар сияқты көсемдік пен мемлекет аралығындағы «архаикалық мемлекет» сатысында бірігуі деп тұжырымдайды (Шираиси, 2008: 239–251). Олар орталықсыздандырылған және көшпелі шаруашылыққа негізделген және тонау арқылы өмір сүрген (Шираиси, 2008: 245–246, 247), бірақ ұйғырлар биліктің орталықтандырылу дәрежесімен және орталық биліктің саяси, экономикалық және мәдени негізі ретінде қалалардың пайда болуымен құрылған мемлекет деп көрсеті. Т. Хаяши бұл көшпелі бірлестіктерді мемлекет ретінде санамайды (Hayashi, 1985: 240). Т. Хаяши үшін іргелі идея түркілерде көшпелі саяси құрылымдардың дамуы олардың шаруашылығындағы егіншілік және сауда сияқты отырықшы егіншілік элементтерінің арқасында жүзеге асты. Бұл оңтүстік аумақтарда, негізінен, егіншілікке ең қолайлы аймақ Иньшань мен Хуанхэ аралығында мүмкін болатынын жазды. Бұл аумақ Қапаған қаған тұсында түріктердің иелігінен кеткеннен кейін, Білге қаған өз саясатын өзгертіп, саудаға мән беріп, кейіннен Ұйғыр қағанатында дамыған далалық қалаларды егіншілік пен қолөнер орталығы ретінде құру үдерісін бастады (Haeshi, 1985). Бұл идея кейінгі еңбектерде одан әрі дамыды. Толығырақ дереккөздер жинағын сәл кейінірек Т. Хаяши ұсынған. Қытай деректері әртүрлі уақытта қытайлардың түріктерге өтуі немесе түріктердің қытай халқын тұтқынға алуы туралы хабарлайды. Зерттеушінің пікірінше, түрік жеріне қоныстанған соғдылықтардың саны қытайлықтардан айтарлықтай аз болды және олардың түріктердің экономикалық дамуындағы рөлі мардымсыз болды. Жапон зерттеушісінің басты қарсыласы И. Эчеди. Оның мақаласында көшпелілерге отырықшы егіншілік қоғамдарының өнімдері қажет екендігі, сондықтан олармен сауда жасауға мүдделі болғандығы айтылған. Бірақ олар жағынан көшпелілермен қарым-қатынаста, атап айтқанда, Қытай империясы үшін сауда-экономикалық қажеттілік болмаған, тек дипломатиялық құрал ретінде қарастырылған (Ecsedy, 1968: 141–146). Бұл екі тезиске де Т. Хаяши қарсы болып, ол көшпелілердің отырықшы егіншілікпен айналысатын көршілеріне олардың ауылшаруашылық өнімдеріне мұқтаждығынан болған дегенді дереккөздер айтуға мүмкіндік бермейтінін, бірақ бұл жорықтардың мақсаты халықты бағындыру болғанын көрсетеді деп тұжырымдайды (Hayashi, 1990: 138, 154, 157–158). Т. Хаяшидің бұл жағынан С.А. Плетневаның көзқарасын жоғары бағалайтыны көрінеді (Hayashi, 1990: 153, 157). Сонымен қатар ол Қытай әулеттерінің жылқыға мұқтаждығын, олар оны көшпелілермен қарым-қатынас арқылы ғана алатынын атап көрсетеді (Hayashi, 1990: 157–160).

Түркітану және түркілер тарихы саласындағы маңызды зерттеулердің қатарына Найто Мидоридің «Ниши токкетсу ши нокенкю» («Батыс түріктерінің тарихы») монографиясы да жатады (Мидори, 1987). Оның қытай жылнамаларын жетік білуі оған тек мәтіндерді аударып, оларға түсініктемелер жасауға ғана емес, сонымен қатар қытай шежірелеріндегі мәліметтерді басқа тілдердегі жазба деректермен салыстыруға, даталарды түзетуге және көне түркілер тарихындағы белгілі оқиғаларды

жаңа көзқараспен ашуға мүмкіндік берді. Н. Мидори растаған Түргеш қағанатының тарихындағы елеулі оқиға – Шығыс түріктермен соғыстың уақытын Цзнь Чжун-Мянь жасаған нақтылау фактісін де айта кету керек. Дж.Маркварттың кезінен бері В.В. Бартольд зерттеуінде және т.б. руникалық ескерткіштерде аталған бұл оқиға 712 жылға жатқызылған. Осы көрсетілген датаның арқасында Түрік қағанаты мен түргештер соғысын араб шапқыншылығымен және Орталық Азиядағы түркі-соғды қатынастарымен байланыстыруға мүмкіндік туды. Н. Мидори өзінің монографиясында тіпті тұтас бір бөлімді «708 ж. Цзинлун дәуірінің екінші жылындағы Шығыс туцзюе түріктерінің түргеш жорығы» деп атаған. Н. Мидори зерттеулерінен кейін Қытай тарихнамасында қабылданған тарихи даталарды нақтылаудың қажеттілігі айқын көрінді.

Нәтижелер

Жүргізілген зерттеулердің нәтижелері бойынша:

- Жапониядағы түркітану ғылымының қалыптасуы, кезеңдері және даму ерекшеліктері айқындалды;
- Жапониядағы түркітану ғылымының қалыптасуының алғышарттары анықталды;
- Жапониядағы түркітану ғылымының қалыптасуының 3 кезеңі нақтыланып, олардың ерекшеліктері мен нәтижелері ашып көрсетілді;
- Жапониядағы түркітану ғылымының қалыптасуындағы университеттердің рөлі көрсетіліп, олардың маңызы жоғары болғандығы дәлелденді;
- Жапон тарихнамасында ортағасырлық түркілердің мемлекеттілігінің жалпы сипаттары мен ерекшеліктерін зерттеудегі ғылыми көзқарастары айқындалды;
- Соңғы кезеңде Жапония зерттеушілері түркі халықтарының тарихы, мәдениетін жан-жақты қамтыған ғылыми зерттеулер жүргізе бастағаны айшықталды.

Қорытынды

Ортағасырлық түркілердің тарихы мен мәдениетін зерттеуде жапон түркітанушыларының еңбектері маңызды орын алады. Жапонияда түркітану ғылымының қалыптасуы XIX ғасырдың аяғына қарай экономикалық, саяси және әлеуметтік-мәдени қажеттіліктерге байланысты қалыптаса бастады. Күншығыс елінде түркітанудың тарихнамасы үш кезеңге бөлінеді. Кейінгі жылдары ортағасырлық және Алтын Орда дәуіріндегі түркілердің тарихына байланысты қызығушылық арта түсті. Жапон зерттеушілерінің көзқарастарына тән ерекшелік, олар көшпелілігі басым ортағасырлық түркілердің саяси бірлестіктерінің тарихын эволюциялық көзқараста қарастырады.

Әдебиет

Фан Цзяньцян, 2000. «Жапонияның Шыңжаңға араласуы» / «Сиюй яньцзю» / 《西域研究》. №4. 45–56 б.

Ню Джуций, 1997. Жапон өркениетіне қатысты зерттеулер [纽菊其. 日本文明研究]. Тайвань. 320 б.

Гэн Шимин, 2006. 回鹘文社会经济文书研究 (Исследование социально-экономических документов на староуйгурском письме), Пекин: Издательство Китайского университета Минцзу. 327 с.

Алпатов В. М., Долин А.А., 1996. Японская алтаистика и геополитика. Языки, духовная культура и история тюрков: традиции и современность: труды междунар. конф. (Казань, 9–13 июня 1992 г.). Т. 1. Казан. 182 с.

Мори М., 1967. Кодай торуко миндзоку си кэнкю. Токио. Т. I. 634 с.

Мори М., 1971. Кодай торуко миндзоку си кэнкю. Токио. Т. II. 624 с.

Мори М., 1970. Политическая структура древнего государства кочевников Монголии. Сборник научных трудов XIII международного конгресса исторических наук. 16-23 августа г. Москва. С. 1–10.

Мураяма Ситиро, 1968. Первые в Японии сведения о народностях России в XVIII в. НАА. № 1.

Наито Мидори, 1987. Ниси токкэцу си но кэнкю. Токио.

Шираиси Н., 2008. Этапы кочевых государств монгольских степей. Монгольская империя и кочевой мир (Мат-лы междунар. науч. конфии). Улан-Удэ: БНЦ СО РАН, Кн. 3. ред. кол.: Б.В. Базаров, Н.Н. Крадин, Т.Д. Скрынникова. С. 239–251.

Fang Jiangchang, 2000. "Tayaw Zamandağı Japondardıñ Şınjañğa Kiyiligiwi", Batis Öñir Zerttewi, №4. Урумчи. КНР.

Geng Şimin, 2006. Ejelgi Uyğır Jädigerlerindegi Älewmettik, Ekonomikalıq Jazbalar. Pekin: «Ortalıq Ulttar Universiteti Baspası».

Haeshi T., 2004. The Role of Sedentary People in the Nomadic States: From the Xiongnu Empire to the Uigur Qaghanate. Материалы Международной конференции «Урбанизация и номадизм в центральной Азии: история и проблемы». ред.-сост. М.Х. Абусеитова. Алматы: Дайк-Пресс. С. 117–134.

Hayashi T., 1985. The Development of a Nomadic Kingdom seen from the Perspectives of Pillage, Agriculture and Trade: in the Case of Tuque. Tōyōshi kenkyū. Vol. 44. № 1. P. 110–136. (на япон. яз с англ. резюме на р. 5).

Hayashi T., 1990. The Development of a Nomadic Empire: The Case of Ancient Turks (Tuque). Bulletin of the Ancient Orient Museum. Vol. XI. P. 135–184.

Mori M., 1981. The T'u-chüeh Concept of Sovereign. AA. No 41. C. 47–75.

Maeda Masana, 1968. [Review] M. Mori, Historical Studies of the Ancient Turkic people. Tōyō-shi Kenkyū Vol. 27. № 1. P. 91–97. (на яп. яз.).

Nyu Jutziy, 1997. "Japoniyadağı Uyğirtanuwğa Qatıstı Zertteuwler", Qıtaydın Şekaralıq Sayasatı. Tayvan, Taipei. №1.

Okamoto Y., 1960. Studies on the History of Manchuria and Mongolia in Postwar Japan. Monumenta Serica. Vol. 19. P. 437–479.

Reference

Fan Jianqiang, 2000. "Japan's Involvement in Xinjiang" / «Xiyu Yanjiu» 《西域研究. [Research on the Western Regions]. No. 4. pp. 45–56.

Niu Juqi, 1997. 纽菊其. 日本文明研究 [Studies on Japanese Civilization]. Taiwan. 320 p.

Geng, Shimin, 2006. 回鹘文社会经济文书研究 [A Study of Socio-Economic Documents in the Old Uyghur Script]. Beijing: Central University for Nationalities Press. 327 p.

Alpatov, V.M., Dolin A.A., 1996. Yaponskaya altaistika i geopolitika. Yazyki, dukhovnaya kul'tura i istoriya tyurkov: traditsii i sovremennost': trudy mezhdunar. konf. (Kazan', 9–13 iyunya 1992 g.). [Japanese Altaic Studies and Geopolitics. In Languages, Spiritual Culture, and History of the Turkic Peoples: Traditions and Modernity: Proceedings of the International Conference (Kazan, June 9–13, 1992)]. Vol. 1. 182 p.

Mori M., 1967. Kodaj toruko mindzoku si kenkyu [Studies on the Kodaj Turkic Ethnic Group]. Tokio. V. I. 634 p. [in Japan].

Mori M., 1971. Kodaj toruko mindzoku si kenkyu [Studies on the Kodaj Turkic Ethnic Group]. Tokio. V. II. 624 p. [in Japan].

Mori M., 1970. Politicheskaya struktura drevnego gosudarstva kochevnikov Mongolii. Sbornik nauchnyh trudov XIII Mezhdunarodnogo kongressa istoricheskikh nauk. 16-23 avgusta g. [The political structure of the ancient nomadic state of Mongolia. Collection of scientific papers from the 13th International Congress of Historical Sciences. August 16-23.]. Moscow. P. 1–10. [in Russian].

Murayama Sitiyo, 1968. Pervye v Yaponii svedeniya, o narodnostyah Rossii v XVIII v. [The first information in Japan about the peoples of Russia in the 18th century]. NAA. № 1. [in Russian].

Naito Midori, 1987. Nisi tokkecu si no kenkyu [Studies on Nishi Tokketsu]. Tokio. [in Japan].

Shiraisi N., 2008. Etapy kochevyh gosudarstv mongol'skih stepej. Mongol'skaya imperiya i kochevoj mir (Mat-ly mezhdunar. nauch. konfii) [Stages of the nomadic states of the Mongolian steppes. The Mongol Empire and the nomadic world (Materials of the international scientific conference)]. Ulan-Ude: BNC SO RAN. 3rd Book. red. kol.: B.V. Bazarov, N.N. Kradin, T.D. Skrynnikova. P. 239–251. [in Russian].

Fang Jiangchang, 2000. "Tayaw Zamandağı Japondardıñ Şınjañğa Kiyligiwi", Batıs Öñir Zerttewi ["The Japanese Migration to Xinjiang in the Taoyuan Era", Western Region Study]. № 4. [in Kazakh].

Geng Şimin, 2006. Ejelgi Uyğır Jädigerlerindegi Älewmettik, Ekonomikalıq Jazbalar [Social and Economic Records in Ancient Uyghur Monuments]. Pekin: Ortalıq Ulttar Universiteti Baspası. [in Kazakh].

Haeshi T., 2004. The Role of Sedentary People in the Nomadic States: From the Xiongnu Empire to the Uigur Qaghanate. Materialy Mezhdunarodnoj konferencii «Urbanizaciya i nomadizm v central'noj Azii: istoriya i problemy». red.-sost. M.H. Abuseitova [Proceedings of the International Conference 'Urbanization and Nomadism in Central Asia: History and Issues'. ed.-comp. M.Kh. Abuseitova]. Almaty: Dajk-Press. P. 117–134.

Hayashi Toshio, 1985. The Development of a Nomadic Kingdom seen from the Perspectives of Pillage, Agriculture and Trade: in the Case of Tuque. Tōyōshi kenkyū. Vol. 44. № 1. P. 110–136. (na yapon. yaz s angl. rezyume na p. 5).

Hayashi T., 1990. The Development of a Nomadic Empire: The Case of Ancient Turks (Tuque). Bulletin of the Ancient Orient Museum. Vol. XI. P. 135–184.

Mori M., 1981. The T`u-chüeh Concept of Sovereign. AA. No 41. P. 47–75. [in Japan].

Maeda Masana, 1968. [Review] M. Mori, Historical Studies of the Ancient Turkic people. Tōyō-shi Kenkyū Vol. 27. № 1. P. 91–97. [in Japan].

Nyu Jutziy, 1997. "Japoniyadağı Uyğirtanuwğa Qatıstı Zertteuwlər", Qıtaydın Şekaralıq Sayasatı, Tayvan, Taipei ["Studies on Uyghur Studies in Japan". China's Border Policy. Taiwan. Taipei]. №1. [in Kazakh].

Okamoto Y., 1960. Studies on the History of Manchuria and Mongolia in Postwar Japan. Monumenta Serica. Vol. 19. P. 437–479.

Автор туралы мәлімет:

Сыздықов Сатай Максұтович, тарих ғылымдарының докторы, «Ортағасырлық деректану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қ. Сәтбаев көш., 2, Астана, Қазақстан Республикасы.

Scopus ID: 57291731200

Сведения об авторе:

Сыздықов Сатай Максұтович, доктор исторических наук, директор Научно-исследовательского центра «Средневековое источниковедение», Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева. ул. К. Сатпаева, 2, Астана, Республика Казахстан.

Scopus ID: 57291731200

Information about author:

Syzdykov Satai Maksutovich, Doctor of Historical Sciences, Director of the Scientific Research Center "Medieval Source Studies", L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 K. Satpayev Str., Astana, Republic of Kazakhstan.

Scopus ID: 57291731200



Conflict of Interest.

There is no conflict of interest related to this article.

Мүдделер қақтығысы.

Мақалаға байланысты мүдде қақтығысы жоқ.

Конфликт интересов.

Нет конфликта интересов, связанного со статьей.